

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



«Педагогика» кафедрасының 60 жылдығына арналған «ЗАМАНАУИ  
ҚОҒАМ ЖӘНЕ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ» тақырыбындағы  
халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдарының  
ЖИНАҒЫ

22-сәуір, 2022 ж.

СБОРНИК

материалов Международной научно-практической конференции  
посвященной 60-летию кафедры «Педагогика» на тему: «СОВРЕМЕННОЕ  
ОБЩЕСТВО И ПЕДАГОГИЧЕСКОЕ ОБРАЗОВАНИЕ»

22-апреля, 2022 г.

COLLECTION

of materials International scientific and practical conference dedicated to the 60th  
anniversary of the department «Pedagogy» on the topic: «MODERN SOCIETY AND  
PEDAGOGICAL EDUCATION»

22-April, 2022 y.



Нұр-Сұлтан, 2022

**ӘОЖ 37.0**

**КБЖ 74.00**

**II 23**

**Редакция алқасы:**

**Д.Қамзабек** - фил.ғ.д., профессор, Басқарма мүшесі - әлеуметтік-мәдени даму жөніндегі проректор, **Б.Ж.Сомжүрек** - «Әлеуметтік ғылымдар» факультетінің деканы, **М.П.Асылбекова** - «Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» кафедрасының меңгерушісі, п.ғ.к., профессор м.а.; **Р.К.Төлеубекова** - п.ғ.д., профессор; **Қ.Қ.Шалғынбаева** - п.ғ.д., профессор; **Г.Қ.Длиббетова** -п.ғ.д., профессор; **Б.П.Сейтқазы** - п.ғ.д., профессор; **Қ.Т.Атемова** - п.ғ.д., профессор; **Г.К.Шолпанқұлова** - п.ғ.к., профессор м.а., **Г.Т.Уразбаева** -п.ғ.д., профессор м.а.; **С.С.Байсарина** -п.ғ.к., доцент; **Байменова Б.С.** - п.ғ.к., доцент; **Ботабаева Ә.Е.** - п.ғ.к., доцент; **Т.С.Сламбекова** - п.ғ.к., профессор м.а.; **Н.П.Албытова** - п.ғ.к., профессор м.а.; **Балтабаева Ж.Б.** - магистр.

ISBN 978-601-337-659-2

Жинақта Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, «Педагогика» кафедрасының 60 жылдығына арналған «**ЗАМАНАУИ ҚОҒАМ ЖӘНЕ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ**» тақырыбындағы Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының Пленарлық мәжілісінде және «Білім беру мегатрендтері және олардың педагогтің кәсіби құзыреттілігін дамытуға әсері», «Қазақстандық педагогика болашақтың педагогтарын даярлаудың негізі ретінде», «Педагогикалық іс-әрекеттегі коллаборация бірыңғай білім беру кеңістігін дамыту ресурсы ретінде» деп аталатын секция жұмыстары бойынша тыңдалған баяндамалар қамтылды. -821бет.

ОӘЖ 37.0  
КБЖ 74.00

ISBN978-601-337-659-2

## БАЛАЛАРДЫҢ ЭСТЕТИКАЛЫҚ ТАЛҒАМЫН АРТ-ТЕРАПИЯ НЕГІЗІНДЕ ДАМЫТУДЫҢ МҮМКІНДІКТЕРІ

**Жусупова Гульжанат Касымовна**

Д.М.Карбышев атындағы № 16 орта мектеп, Тараз қ.

Көркем еңбек пәнінің мұғалімі

**Қайырбекова Камшат Бауыржанқызы**

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің 3-курс студенті

Нұр-Сұлтан қ., E. mail: Ademi\_e76@mail.ru

**Аннотация.** В статье рассмотрены возможности развития эстетического вкуса детей на основе Арт-терапии. В настоящее время в процессе обучения одной из главных проблем является развитие эстетического воспитания детей, формирование у них таких качеств, как доброта и нравственность. Развивать творческое, воображаемое чувство, развивая художественное мышление каждого ребенка. Большое место в развитии эстетического воспитания детей занимают методы Арт-терапии. Сейчас необходимо развивать эстетические взгляды детей дошкольного возраста, начать их всестороннее воспитание с детского сада.

**Ключевые слова:** дети, развития эстетического воспитания, Арт-терапия, художественное мышление, возможности.

**Abstract.** The article considers the possibilities of developing the aesthetic taste of children based on art therapy. Currently, in the learning process, one of the main problems is the development of aesthetic taste of children, the formation of such qualities as morality, kindness, morality. Develop a creative, imaginative feeling by developing the artistic thinking of each child. A great place in the development of aesthetic taste of children is occupied by methods of Art therapy. Now it is necessary to develop the aesthetic views of preschool children, to begin their comprehensive education from kindergarten.

**Key words:** children, development of aesthetic taste, art therapy, artistic thinking, opportunities.

Қазіргі таңда оқыту барысында басты мәселелердің бірі - балалардың эстетикалық талғамын дамыту, сол арқылы олардың бойында адамгершілік, мейірбандық, имандылық сынды қасиеттерін қалыптастыру. Әр баланың көркемдік ойлау қабілетін дамыта отырып, шығармашылық, қиял сезімін дамыту. Қоғамның даму жағдайында эстетикалық тәрбие жеке тұлғаның үйлесімді дамуын қалыптастыруда адамгершілік тәрбиесінен кейін маңызды орын алады. Адамдардың эстетикалық сезімдері олардың өмірінде зор рөл атқарады.

Әсемдікті көре, түсіне, жасай білу адамның рухани өмірін байытады, қызғылықты етеді, олар ең жоғары рухани ләззаттануға мүмкіндік береді. Біз әр адамның адамгершілікті тұлғалық мәнін жан-жақты дамытуға ұмтыламыз.

Сондықтан тұлғаның жан-жақты үйлесімді дамуында әрбір адамның өз өмірін «әдемілік заңы» бойынша құруға тырысуы қажет. Қазіргі кезде мектеп жасына дейінгі балалардың эстетикалық көзқарастарын дамытуда, оларды жан-жақты етіп тәрбиелеуді балабақшадан бастау керек. «Эстетика сөзі» грек тілінен алынған. Сезім, түйсік деген мағананы білдіреді. Олай болса эстетика-өмірді сезім арқылы танып, білудің негізгі жолы. Эстетикалық талғамы биік, сезімтал адам еңбектегі әдемілікті, табиғаттағы сұлулықты, өнердегі сұлулықты танып, оны сүйе, қастерлей білетін болады. Г.Белинский: «Сезімнің әсемділігі адамгершіліктің құнды жағы. Онсыз, бұл сезімсіз, данышпан да, талант та, ойда да жоқ. Эстетикалық сезім-ізгілік негізі адамгершілік негізі» деп түсіндіреді. Эстетикалық тәрбие болмыстығы және өнердегі сұлулық пен әсемдікті дұрыс қабылдау және өнердегі сұлулықпен әсемдікті, эстетикалық түсінікті, сезім мен талғамды тәрбиелейтін, өмірдегі

сұлулықты жасау, оған қатысу қабілетін, қажетсінуін қалыптастыратын тәрбиенің ең басты салаларының бірі [1].

Арт-терапия - көркем шығармашылық арқылы емдеу әдісі. Бұл әдіске соңғы уақытта бүкіл әлемде көбірек назар аударуда. Жеке адамдар мен топтарды «сауықтыруға» ғана емес, сонымен бірге «әлеуметтік емдеуге» де үлкен мүмкіндіктері бар қазіргі психотерапиядағы басқа бағытты атау қиын.

Арт-терапияның алғашқы формаларының пайда болуы Батыстың дамыған елдерінің мәдениетіндегі терең өзгерістермен қатар жүргені өте маңызды, ал болашақта оның дамуы эстетикалық фетишизация объектісі емес, қоғам мен оның азаматтарын сауықтыру факторы бола алатын өнердің әлеуметтік мақсатын жүзеге асыру қозғалысымен тығыз байланысты болды.

Арт-терапия визуалды және пластикалық экспрессияның «тілін» қолданады. Бұл оны адамның ішкі әлемінің аспектілерін зерттеу және үйлестіру үшін таптырмас құрал етеді. Арт-терапияның дамуымен ғылыми ойдың жетістіктері және өнер тәжірибесі, адамның ақыл-ойы мен оның сезімдері, рефлексияға байланысты. Арт-терапияның бір түрін біз Арт – шығармашылық деп атадық. Бұған қолмен жұмыс жасау арқылы жүзеге асырылатын терапияның барлық түрлері кіреді: ашықхаттар, әртүрлі материалдардан түрлі панельдер жасау. Арт-шығармашылық техниканың бір түрі - құрақ құрау.

Құрақ құрау - халық шығармашылығының дәстүрлі түрлерінің бірі, оның ұзақ тарихы және терең тамыры бар. Көркем шығарма ретінде, кесектерді тігу ежелгі мозаика өнеріне өте жақын. Мозайкалық панель - бұл безендіру элементі және сәндік функцияны орындайды, бір түсті, сюжеттік және сәндік шешімде жасалған сынықтардан жасалған бұйымдар нақты пайда әкеледі және біздің үйімізді әдемі, жайлы және ыңғайлы етеді. Түрлі-түсті құрақтан жасалған бұйымдар мозаикалық суреттерге ұқсайды.

Бүгінгі таңда құрақ қолөнері бүкіл әлемде танымал. Өйткені, бұл қарым-қатынастың бір түрі.

Құрақ құрау стиліндегі жұмыстың міндеттері:

- эстетикалық сезімдердің дамуына ықпал ету;
- балалардың шығармашылық бейімділігін дамыту;
- балаларды дербестік танытуға үйрету;
- баланы оның жұмысының практикалық маңыздылығына сендіру, еңбекке деген оң көзқарасты тәрбиелеу;
- еңбек мәдениетіне тәрбиелеу;
- ұсақ моториканы дамыту;
- балаларды еңбек әрекеттерін белгілі бір ретпен орындауға үйрету;
- достық пен өзара көмекке, ұжымда жұмыс істей білуге тәрбиелеу;
- балаға бастамашыл, табанды болуға, басталған істі аяғына дейін жеткізуге, қойылған міндеттерді өз бетінше шешуге көмектесу;
- жалпы ой-өрісін кеңейту;
- балалардың практикалық және ақыл-ой белсенділігін ынталандыру;
- өзін-өзі бақылау дағдыларын дамыту;
- ұжымдық жұмысқа барабар қатысу, тапсырылған тапсырманы жауапкершілікпен орындау қабілетін қалыптастыру [2].

Арт-терапия әдісі тұлға бойындағы қабілетін көрсетіп, шығармашылығын шыңдайды. Ал шығармашылық қабілеттер қиялдың байлығымен, ойлаудың ерекшелігімен, заттарға деген сындарлы көзқараспен жаңа шешім және идеяларды ұсыну мүмкіндігімен, өз білімін, икемділігі мен дағдысын іске асыру барысында өмірлік белсенді ұстаным көрсете білуімен сипатталады. Демек, тұлға шығармашылығын дамытуда Арт-терапиялық әдістемелерді қолдану маңызды.

Балалардың эстетикалық талғамын дамытудың педагогикалық шарттарына тоқталсақ, олар:

1.Эстетикалық талғам дамытуда қарастырылатын тақырыптар балалардың жас ерекшеліктеріне лайық болуы.

2.Арт-терапия негізінде балалардың эстетикалық талғамын дамытуда инновациялық әдістер мен құралдарды пайдалану; т.б.

Сонымен қатар балалардың эстетикалық талғамын дамытуда біз дидактикада қалыптасқан қағидаларға (жүйелік, түсініктілік, көрнекілік, ғылымилық, саналық, бірізділік, белсенділік) ерекше мән береміз.

Балалардың эстетикалық талғамын дамытуды мақсатында әртүрлі әдіс-тәсілдерді (сөздік, көрнекілік, слайдтар, т.б.) қолданамыз.

Арт - терапиялық әдістерді пайдалану арқылы мынадай нәтижеге жетуге болады:

- топта оң әсерлі бетбұрыс жасайды;
- құрдастарымен, педагогтармен, тәрбиешілерімен, басқа да ересек адамдармен қарым-қатынас жасауды жеңілдетеді;
- қандай да бір себептермен ауызша талқылауға қиын болып табылатын нақты проблемалардың немесе қиялдардың шешімін табуға мүмкіндік береді;
- әр түрлі сезімдерді символдық деңгейде пысықтауға, оларды әлеуметтік қолайлы нысанда зерттеуге және көрсетуге мүмкіндік береді;
- ішкі бақылау сезімін дамытады;
- арт – сабақтары түйсіну мен көру сезімі арқылы эксперимент жасауға жағдай жасайды;
- сенсомоторлық ептіліктің, жалпы алғанда кеңістікте түйсік пен бейімделуге жауап беретін бас ми жартышарларының дамуына ықпал етеді;
- шығармашылық өз ойын білдіруге, қиялдауды, эстетикалық тәрбиені, бейнелеу өнерінің тәжірибелік машығын, жалпы алғанда көркем өнерге деген қабілетін дамытуға мүмкіндік береді;
- баланың бейімделу қабілетін арттырады, шаршауды, оқуға байланысты болатын жағымсыз жағдайлардан арылтады.

Балалармен жұмыс кезінде Арт-терапияны дұрыс қолдану жақсы нәтижелер береді. Арт-терапияға әдісіне мысал ретінде практикалық сабақ ұсынайық.

Тақырып. Қағазбен жұмыс

Жұмыс мақсаты:балаларға қағазбен атқарылатын жұмыс түрлерімен таныстыру арқылы олардың ұсақ моторикасын, қол мен көздің қозғалысын үйлестіруді жетілдіреді, зейін, көру, есту және механикалық есте сақтау қабілеттерін және көрнекі және тиімді ойлауды дамытады.

Практикалық жұмыс:

Дайын жан-жануарлардың суреті бейнеленген қағаз салфетканың суретін пайдаланып, тарелкаға желім арқылы губканы пайдалана отырып жапсыру. Оны біраз уақыт қойып кепкеннен кейін, шетіне гуашьпен әсемдеп бояу. Дайын болған қолөнер түрін картина ретінде бөлмеге қоюға болады.

Қажетті құрал-жабдықтар: жан-жануарлардың суреті бейнеленген қағаз салфетка, қайшы, желім, тарелка, губка, гуашь бояу.

Балаларда «Қағазбен жұмыс істеу» арқылы келесі дағдылары артады:

1. Ұсақ моториканы, қол мен көздің қозғалысын үйлестіруді жетілдіреді.
2. Зейін, көру, есту және механикалық есте сақтау қабілеттерін дамытады.
3. Көрнекі және тиімді ойлауды дамытады.
4. Қарапайым математикалық түсініктерді дамытады: санау, геометриялық фигураларды (шеңбер, шаршы, үшбұрыш, тікбұрыш) білу, ұғымдар: көп-аз, үлкен – кішкентай, ұзын – орташа – қысқа, жыл мезгілдерін, күннің уақытын ажырата және атай білуге үйретеді.
5. Қағаздан жұмыс істеудің қарапайым дағдыларын дамытады.

## Әдебиеттер

1. Ботабаева Ә.Е. Жоғары сынып оқушыларының эстетикалық талғамын қазақ ұлттық киімдері арқылы қалыптастыру: пед. ғыл. канд. ... дисс. – Түркістан, 2021. – 160 б.
2. Киселова М.В. Арт-терапия в практической психологии и социальной работе. - Санкт-Петербург, 2007.
3. Ергалиева Г.А. Арт-терапия мүмкіндіктері. М.Өтемісов атындағы БҚМУ РБО.- Орал, 2016. -110 б.
4. Мардер Л.Д. Цветной мир. Групповая арт-терапевтическая работа с детьми дошкольного и младшего школьного возраста. – М.: Генезис, 2007. – 143с.
5. Дженнингс С., Минде А. Сны, маски и образы. Практикум по арт-терапии. – СПб., 2002. – 384 с.
6. Рудестам К. Групповая психотерапия. - СПб.: Питер, 2000. – 384 с.

### ЖАСӨСПІРІМДЕРДІҢ ӨМІРШЕҢДІК ҚАСИЕТТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ҒЫЛЫМИ-ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Зуева Хорлан Магжановна

Барлыбек Сырттанұлы атындағы №25-орта мектеп, Талдықорған қ.

**Аннотация.** В статье проведен анализ научно-теоретических основ развития качеств жизнеспособности у подростков. Рассматривая жизнеспособность подростков с психологической точки зрения, установлено, что ее составляющие связаны с формированием личностных качеств. Рассмотрено содержание понятия саморегуляции как составной части понятия жизнеспособности. В качестве регулирующих факторов социальной среды рассматривается роль семьи, школы и общества в качестве микро- и макроэкономических факторов в детстве и подростковом возрасте. Вместе с тем, мы стараемся показать, как эти свойства формируются в онтогенезе и с какими внешними и внутренними факторами связано их развитие.

**Ключевые слова:** жизнеспособность, саморегуляция, поведение, адаптация, метасистема, активность, рефлексия

**Annotation.** The article analyzes the scientific and theoretical foundations of the development of the vital qualities of adolescents. Considering the viability of adolescents from a psychological point of view, it was found that its components are associated with the formation of personal qualities. The content of the concept of self-regulation is considered as an integral part of the concept of viability. The role of family, school and society as micro- and macroeconomic factors in childhood and adolescence is considered as regulatory factors in the social environment. At the same time, we try to show how these properties are formed in ontogenesis and what external and internal factors their development is associated with.

**Key words:** viability, self-regulation, behavior, adaptation, metasystem, activity, reflection

Білім беру жүйесінің дағдарыстық жағдайы мемлекеттің қазіргі экономикалық және әлеуметтік тұрақсыздығында тәрбиенің кемшіліктерімен байланысты балалар мен жасөспірімдердің бейімделу проблемасын жойып қана қоймайды, сонымен қатар олардың мінез-құлқының одан да үлкен ауытқуларына ықпал етіп жатқандығын көрсетеді. Нәтижесінде жасөспірімдердің әлеуметтік жағдайларға бейімделу процесі барған сайын теріс сипатқа ие болуда, кәмілетке толмағандар қазіргі уақытта азаматтық қоғам институттарының емес, қылмыстық әлемнің рухани қысымын және оның құндылықтарын көбірек сезінуде. Жастар мен балалардың әлеуметтенуінің дәстүрлі институттарының жойылуы жасөспірімдер арасындағы қылмыс өсіп келе жатқан қоғамдағы жалғыз тұрақты фактор болып табылады.